



## ПРЕСС-РЕЛИЗ

4 наурыз, Атырау

### Мүгедектердің қажеттілігін қанағаттандыруға кері байланыс көмектесер еді

Жетіжылдық аймақтық бағдарламаның орындалуының мониторингтік нәтижелері 4 наурыз күні жергілікті билік өкілдері мен мәслихат депутаттарының қатысуымен ұйымдастырылған «дөңгелек үстелде» «Мүгедек әлемі» және «Қазақстанның тәуелсіз ұрпағы» қоғамдық ұйымдарымен ұсынылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қуатын дамыту мақсатында жағдайларды зерттеу бойынша қоғамдық жоба Сорос-Қазақстан Қорының «Бюджеттік ашықтық және есептілік» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылды.

2002 жылдан бастап 2008 жылға дейін Атырау облысында мүгедектерді оңалтудың екі аймақтық бағдарламасы орындалды. «Аймақтық бағдарламалар шаралардың республикалық жоспарына негізделген және әлеуметтік қызметтерді тұтынушылардың нақты тобы - мүгедектердің қажеттілігін толықтай ескермеген. Жоспарлау кезеңінде мүгедектердің, олардың өмір сүру аудандарындағы қажеттіліктеріне талдау жүргізілмеген, ал бірінші жоба аяқталғаннан кейін жеке оңалту бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде олардың өмірінде не өзгергендігі туралы адамдарға сауалнама жүргізілмеген, - деп тұжырымдайды қоғамдық мониторинг жобасының басшысы Күлбаршын Нұржігітова.

Мониторингтік зерттеу жалпы оңалту бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлық екенін көрсетті. «Мүгедек әлемі» қоғамдық бірлестігі бағдарламаның орындалуына соңғы жылдары 1,67 млрд. теңге бөлінгенін, олардың бір бөлігі республикалық бюджеттен Привокзальный ауданында жаңа оңалту орталығының құрылысына бағытталғанын анықтады. Осыған қоса, жергілікті коммерциялық кәсіпорындардың қаражаттарын тартумен тұрғызылған Орталық шын мәнінде өте қажетті болды. Бұдан басқа, бағдарлама қаражаттары мүгедектенудің алдын алу, әдрестік әлеуметтік көмек көрсету және мүгедектерді жеке бағдарламалары бойынша оңалтуды жүзеге асыруға, қызметтегі оңалту жүйелерін қолдау және дамытуға бағытталды.

Бірақ, мүмкіндігі шектеулі адамдардың назарын аудартып отырған бірқатар қиын қажеттіліктер қалып отыр. Мысалы, сауалнама қойылған арбашы-мүгедектердің 70% жеке қажеттіліктерді ескермей сатып алынған арбалардың сапасына қанағаттанбайды. Тіпті, кейде ересек мүгедектерге бала арбалары сатып алынған жағдайлар болған. Бұдан басқа, облыста мүгедек-балаларды әлеуметтендірудің төмен пайызы байқалады. Олардың кәсіби немесе жоғары білім туралы айтпағанда, орта білімге қол жеткізуі шектелген. Осы топтағы адамдарды жұмысқа орналастыру қиын мәселе болып қалып отыр.

Мүгедектерді оңалту бағдарламаларының жүзеге асырылуын зерттеу және мониторинг жүргізу барысында үкіметтік емес ұйымдармен жинақталған ұсыныстар мен кеңестер мүгедектерді оңалту бағдарламаларын әрі қарай енгізу және дамытуда қолданылады.

---

Барлық сұрақтар бойынша жоба басшысы **Күлбаршын Нұржігітоваға**, эл. пошта: [mugedekalemi@gmail.com](mailto:mugedekalemi@gmail.com), және жоба кеңесшісі **Ұлықбек Тәлиевке** тел.: 8 701 525 75 40, эл.пошта: [independentgeneration@gmail.com](mailto:independentgeneration@gmail.com) бойынша жолығыңыз.

Өткізілу орны: «Ренессанс - Атырау» қонақүйінің конференц-залы, сағат 15:00